

4 | АШЫҚ САБАҚТАР



13.05.2022 ж. Колледждің № 2 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы А. А. Айтжанова “Анатомия, физиология” пәнінен, 213 ЕФ-9/20 тобымен «Сыртқа шығару

жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы» тақырыбында сынамалы сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: сыртқа шығару мүшелерінің құрылысы мен атқаратын қызметтерін түсіндіре отырып, интерактивті тақтаны қолданып, студенттердің ойлау қабілетін, белсенділігін, қызығушылығын арттыру.



31.05.2022ж. №3 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы А.Ж.Қоқанова "Мейіргер ісі" мамандығының, 204 тобымен, "Мейіргер ісі негіздері" пәнінен

"Терминалды жағдай. Қарапайым жүрек-өкпе реанимациясы" тақырыбында ашық сабақ өткізді.

5 | КУРАТОРЛЫҚ САҒАТ



20.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімі және оқытушы Э.Б.Бердалиева 311 ЛФ 9/19 тобымен Асанбай Асқаровтың 100 жылдық мерей тойына арналған кураторлық сағат


өткізді. Іс-шараның мақсаты: көрнекті қоғам қайраткері, жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі А.Асқаровтың өмірі мен шығармашылығымен таныстыру.



26.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, 119 ЕФ / 9 - 21 топ студенттерімен «Нашақорлық - ғасыр дерті» тақырыбында кураторлық сағат

өткізілді. Мақсаты: Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру. Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Нашақорлықтың алдын алу. Жауапты: топ кураторы А. Божбанбаева.

6 | 4 МАУСЫМ - РӘМІЗДЕР КҮНІ



12.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімі және 144 КМБ-11/21 топ студенттері мен топ кураторы Н.Т.Юсупованың ұйымдастыруымен

«Мекемелерге мемлекеттік рәміздердің қолданылуына тұрақты бақылау жасау» тақырыбында онлайн режимде тәрбие сағаты өтті.



20.05.2022ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен 126 ЛФ-9/21 топ студенттері арасында "Рәміздер" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Топ

жетекшісі Қ.М. Кушпенова. Тәрбие сағатының мақсаты: студенттерге аса маңызды мемлекеттік белгілер - рәміздермен жан - жақты таныстыру, ұлттық рәміздердің әрбір бөлшектеріне, халқымыздың өткені мен бүгінгі күндеріне қысқаша шолу жасау. Отанды сүйуге, рәміздерді құрметтеуге үйрету, өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу.



03.06.2022ж. Колледжде Қазақстан Республикасының рәміздер күніне арналған «Рәміздерім- елдігімнің белгісі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: студенттерді Отан

сүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу. Өз Отанының патриоты етіп тәрбиелеу. Ұйымдастырушы: бөлім меңгерушісі Жапаркулова Ф.Қ., куратор Бекмурзаева Д. Т., 216 ЕФ-9/20 топ студенттері.



04.06.2022 ж. № 2 Арнайы пәндер ЦӘК комиссиясының оқытушысы А. А. Айтжанова Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағытындағы

«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында дәріс өтті. Дәрістің мақсаты: студенттерді Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуіне, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеп, тарихын білуге тәрбиелеу.



7 | ЖАРЫС



бойынша “Әкем, Анам және Мен” атты отбасылық эстафета жарысы өткізілді.

17.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен Халықаралық отбасы күніне орай, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты



17.05.2022 ж. Колледждің №1 жалпы кәсіптік пәндер оқытушысы Д.Қ.Назардың ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» мамандығы «Жалпы практикадағы мейіргер» біліктілігі II

курс студенттерінің арасында «Анатомия және физиология үздігі» байқауы өткізілді. Сайыстың мақсаты: болашақ мейіргерлердің құзыреттілігін дамыту, олардың тәжірибелік дағдыларын жетілдіруге көмек көрсету. Медицина саласындағы мейіргерлердің кәсіби шеберліктерін арттыру, осы саладағы жұмыс әдістерін жетілдіру және денсаулық сақтау саласында қызмет көрсету сапасын жақсарту. Болашақ медицина мамандардың даярлаудың жаңа заманауи бағыттарын қалыптастыруға жәрдемдесу. Байқауға анатомия және физиология пәні бойынша шығарылған тест және сөздік жинақтарының лентасы қиылды. 1 орын - «Рефлекс» тобы, 2 орын - «Адреналин» тобы, 3 орын - «Жүрек» тобы, 4 орын «Энцефалон» тобы. Үздік капитан иегері Темірбекқызы Жангүлім. Жұлделі орын алған топтар мен студенттерді құттықтап, диплом табысталды.

8 | ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСЫ



20.05.2022 ж. Колледжде Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың Конституцияға енгізілетін түзетулер мен жобасы бойынша, 05.06.2022 ж. өтетін Республикалық

референдум туралы, колледж заңгері: Т.Н.Нышанбеков, тарих пәнінің оқытушылары: Г.Ж.Иманалиева, А.С.Байбосынова студенттер арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

9 | ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ



16.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімі, Тараз қаласы ішкі саясат бөлімі және “Елу жылда - Ел жаңа” қоғамдық бірлестігінің ұйымдастырулар мен “Отбасы күніне” орай ”Парасатты отбасы, отбасы құндылықтары”, "Мерейлі отбасы" Тараз қалалық байқауының жеңімпаздары, 7 баланың аналары, Алтын алқа иегерлері А. Жантаева, С. Қадырова ханымдардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді.



27.05.2022 ж. Колледждің тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында «Тіршіліктің негізі – салауатты болашақ»

тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелге №5 қалалық емхана гинекологы М.Е. Есетова, Облыстық «Жаннұр» жастар денсаулық орталығының жетекшісі, психолог Г.Б. Қалдыбаева ЖДО «Жастар» денсаулық орталығының психологы Ақерке Талғатқызы, Тараз қалалық полиция басқармасы, жергілікті полиция қызметі, ювеналдық полиция бөлімшесінің аға инспекторы, полиция майоры Ш.Ш. Юсупова, М.А. Юсупова қатысты. Дөңгелек үстел барысында студенттер көкейлерінде жүрген сұрақтарына толық жауап алды. Жауапты: колледж психологі А.М.Божбанбаева, Ж.Б.Жетпісбаева.



02.06.2022 ж. Колледждің «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлық қоғам дерті» атты студенттер арасында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелде студенттерге сыбайлас жемқорлық туралы ақпарат беріліп, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға келтіретін залалдары туралы айтылды.

Сонымен қатар, «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ұйымдастыруымен «Еркін диалог» жобасы іске асырылды. Жобада студенттермен қоғамдағы жағдайлар туралы еркін түрде әңгіме болды.